

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Комитетімен келісілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Комитетінің Төрағасы (Төрағаның Орынбасары)

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ  
2012 ЖЫЛ ДЫҢ “10” ҚАҢТАРЫНДАҒЫ  
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ  
ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛДІ

2012 жылғы "04" ақпан

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУ РАЙОНА  
2004 ж. 26. 08 заңды  
№ 2167-1910-00 қуәлік  
Түпнұсқасымен қайта өткізілді  
Алғашқы тіркелген күні 1998 ж. 30. 08  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА  
произведена государственная перерегистрация  
юридического лица "26" 08 20 04 г.  
свидетельство № 1104-1910-00  
Дата первичной регистрации 30. 08 1998 г.  
930840000091

# “Альянс Полис” Сақтандыру Компаниясы”

## акционерлік қоғамының

# ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
МЕДЕУ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТУРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН  
№ 814 БҰЙРЫҒЫ  
2012 ж. 19. 06  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
ПРИКАЗ № 814  
19. 06 20 12

Алматы қаласы, 2012 жыл.

АРҒЫ жағына қараңыз  
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

## 1. Жалпы қағидалар

1.1. “Альянс Полис” Сақтандыру Компаниясы” Акционерлік қоғамының (бұдан әріде – “Қоғам”) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына (бұдан әріде “АҚ туралы Заң”), Қазақстан Республикасының “Сақтандыру қызметі туралы” Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық кесімдеріне (бұдан әріде – “Қазақстан Республикасының заңнамасы”) сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Жарғы Қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін, сондай-ақ Қоғамның органдарының түзілу тәртібін, қызметін ұйымдастыру тәртібі мен құзыретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге қағидаларды айқындайтын Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

## 2. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері

2.1. Қоғамның атауы:

1) толық:

- мемлекеттік тілде: “Альянс Полис” Сақтандыру Компаниясы” Акционерлік Қоғамы;

- орыс тілінде: Акционерное общество «Страховая Компания «Альянс Полис»;

- ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Insurance Company «Alliance Polis»;

2) қысқаша:

- мемлекеттік тілде: Альянс Полис» СК” АҚ;

- орыс тілінде: АО «СК «Альянс Полис»;

- ағылшын тілінде: JSC «IC «Alliance Polis ».

2.2. Қоғамның атқарушы органының (Басқармасының) орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050059, Медеу ауданы, Фурманов көшесі, 273 а.

## 3. Қоғамның құқықтық мәртебесі

3.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның жарғысына (бұдан әріде - “Жарғы”), Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес және қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қалыптау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен (бұдан әріде – “Уәкілетті орган”) берілген “жалпы сақтандыру” саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның, сондай-ақ белгілі бір түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асырудың жалпы шарттарын айқындайтын сақтандыру ережелерінің және ішкі ережелердің негізінде жүзеге асырады.

3.2. Қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны – Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі саласындағы заңнамасымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, құрылатын және әрекет ететін акционерлік қоғам.

3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам сақтандыру ұйымы болып табылады. Қоғамның сақтандыру ұйымы ретіндегі ресми мәртебесі оның Қазақстан Республикасының әділет органдарында сақтандыру ұйымы ретінде мемлекеттік тіркелуімен және Уәкілетті органмен берілген “жалпы сақтандыру” саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясының болуымен айқындалады.

3.4. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жауапкершілік көтереді. Акционер, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелдігін өзіне тиесілі акциялардың құнының шектерінде көтереді. Қоғам немесе мемлекет өзіне сондай жауапкершілік қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, тап солай мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3.5. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өзінің атауы көрсетілген мөрі, мөртабандары немесе фирмалық бланкілері, белгіленген тәртіпте тіркелген тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі) бар. Қоғам өзінің атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және мүліктік емес құқықтар міндеттер иеленуге және жүзеге асыруға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

3.6. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағында және оның шектерінен тыс филиалдарын құра алады және өкілдіктерін аша алады.

3.7. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

3.8. Қоғам Алматы қ. Әділет Департаментінің 2003 жылдың 26 наурыздың №3309 бұйрығы негізінде, қайта тіркеу туралы 2003 жылдың 26 наурыздың №2467-19-10-АО қайта тіркеу туралы құрал беруден «Тумар» Сақтандыру Компаниясы» ЖАҚ құқық қолдаушымен болады.

3.9. «Альянс Полис» Сақтандыру компаниясы» ЖАҚ Алматы қ. Әділет Департаментінің 2004 жылдың 25 мамырдың №6689 бұйрығымен, 2004 жылдың 25 мамырдың №2167-1910-АО қайта тіркеу туралы кәулігін беруден «Альянс Полис» Сақтандыру Компаниясы» АҚ қайта тіркелді.

3.10. «Альянс Полис» Сақтандыру Компаниясы» АҚ Алматы қ. 2010 жылдың 09 ақпанның Әділет Департаментінің № 2483 бұйрығымен «Гарантия» Сақтандыру Компаниясы» акционерлік қоғамының қосылуы нәтижесінде қайта құрылды.

3.11. «Альянс Полис» Сақтандыру Компаниясы» АҚ акционерлер шешімі негізінде (12.10.2011 жылдан хаттама) оған «Пана Иншуранс» акционерлік қоғамының қосылуы нәтижесінде қайта құрылды.

#### **4. Қоғамның қызметінің мақсаты, міндеттері және түрі**

4.1. Қоғамның коммерциялық ұйым ретіндегі қызметінің мақсаты табыстар алу және оларды акционерлердің мүдделерінде пайдалану болып табылады.

4.2. Қоғамның міндеттері Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы қалыптастыруға және одан әріде дамытуға ықпалдасу, “жалпы сақтандыру” саласын дамытуға, нарықтың инфрақұрылымын қалыптастыруға ықпалдасу болып табылады.

4.3. Мақсатына жету және міндеттерін шешу үшін, Қоғам кәсіпкерлік қызметінің негізгі түрі ретінде, Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасына қатаң сәйкестікте, Уәкілетті органмен берілген лицензияның негізінде сақтандыруды жүзеге асырады.

4.4. Қоғам Уәкілетті органмен берілген лицензияның негізінде тиісті сақтандыру сыныптарының шектерінде, Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен белгіленген сақтандыру салалары мен сыныптарын қосарластыру ерекшеліктерін ескере отырып, “жалпы сақтандыру” саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асырады.

4.5. Қоғам, сақтандыру қызметімен қатар, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық кесімдерімен белгіленген тәртіпте және шарттарда өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

4.6. Қоғамға кәсіпкерлік қызмет ретінде Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен көзделмеген мәмілелерді жүзеге асыруға және операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

#### **5. Қоғамның мүлкі, сақтандыру резервтері және Қоғамның өзге қорлары**

5.1. Қоғамның мүлкі, соның ішінде ол құратын филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі оған меншік құқығында тиесілі және:

- Қоғам жарғылық капиталын қалыптастыру кезінде алған ақшаның;

- Қоғамның қызметінен алынған табыстардың;

- өзге мүлктің және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленген мүлктік құқықтардың есебінен қалыптастырылады.

5.2. Қоғам өзінің қызметінің нәтижесінде алатын табыстар, салықтар мен бюджетке міндетті басқа төлемдерді төлегеннен кейін Қоғамның меншігінде қалады.

5.3. Қоғамның мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, акционерлердің Жалпы жиналысының, Қоғамның өзге органдарының шешімдерімен көзделген мақсаттарға, соның ішінде сақтандыру резервтерін, Қоғамның өзге қорларын құру, акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін пайдаланылады, сондай-ақ Қоғамды дамытуға бағытталады.

5.4. Қолданыстағы сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру келісімшарттары бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін, Қоғам актуариймен есептелген мөлшерде қалыптастырылған сақтандыру резервтеріне ие болуға міндетті.

5.5. Сақтандыру резервтерінің қаражаттары тек қана Қоғамның қолданыстағы сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру келісімшарттары бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруына арналған. Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеп шығару әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық кесімдерімен белгіленеді.

#### **6. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары**

6.1. Қоғам жай акциялар шығарады, сондай-ақ артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар орналастырылған кезде тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшамен төленген болуға тиіс. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді. Егер

акция ортақ меншік құқығында бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер деп танылады және акциямен куәландырылған құқықтарды өздерінің ортақ өкілі арқылы пайдаланады. Бір түрдің акциясы, егер АҚ туралы Заңмен өзгесі белгіленбеген болса, оған иелік ететін әрбір акционерге аталған түрдегі акциялардың басқа иегерлерімен бірдей құқықтар көлемін береді.

6.2. Жай акция акционерге дауыс беруге қойылатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқықты, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтерді, сондай-ақ Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқықты береді.

6.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған шартта, ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге тек сондай төлем акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда, Қоғамның жарияланған акцияларымен жүзеге асырылатын шартта жол беріледі.

6.4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жылдың қорытындылары бойынша, не болмаса әрбір тоқсанның немесе жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

6.5. Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде оны осы Жарғыда көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жариялаумен бірге, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.6. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе өтеуін төлеп алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған болса, есептелмейді және төленбейді.

6.7. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге:

- Қоғамның меншік капиталының теріс мөлшері жағдайында немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеудің нәтижесінде теріске айналатын болса;

- егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге жарамсыздық немесе дәрменсіздік нышандарына сай келетін болса, не болмаса аталған нышандар Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеудің нәтижесінде пайда болатын болса, жол берілмейді.

6.8. Бір жай акцияға шаққанда дивидендтердің мөлшері туралы және жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады.

6.9. Қоғам артықшылықты акциялар шығаратын жағдайда, артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлердің құқықтары туралы мәліметтер, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібі, сондай-ақ бір артықшылықты акцияға дивидендтің кепілді мөлшері оған енгізілген өзгертулерге және (немесе) толықтыруларға сәйкес Жарғымен реттелетін болады.

6.10. Қоғам тек қана шығару, орналастыру, айналысы мен өтеу шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленетін бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

6.11. Қоғам өзінің акцияларын акционерлерден өтеуін төлеп алуға тек қана Уәкілетті органның келісімімен, мәміленің нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық орнықтылығы мен төлемге жарамдылығы мәселелеріне қатысты заңнаманың талаптары бұзылмайтын шартта, құқылы болады.

6.12. Қоғам орналастырылған акциялардың өтеуін төлеп алуды Қоғамның акционерінің ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларда мәлімдеуі мүмкін талабы бойынша жүргізетін болуға тиіс.

6.13. Акциялардың өтеуін төлеп алу оларды одан кейін сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға қайшы келмейтін өзге мақсаттарда, АҚ туралы Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғам акциялардың өтеуін төлеп алатын кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

6.14. Акциялардың өтеуін төлеп алатын кезде, Қоғам заңнамамен белгіленген Қоғамның орналастырылған акциялардың өтеуін төлеп алуы бойынша шектемелерді сақтайды.

## 7. Қоғамның акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

7.1. Қоғамның акционерінің:

- 1) АҚ туралы заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен көзделген тәртіпте Қоғамның істерін басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;

- 3) акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Қоғамның Жарғысымен айқындалған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есеп-қисабымен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды иегерден өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 7) өзіне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз иеліктен шығаруға;
- 8) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, АҚ туралы Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратымдармен жүгінуге және сұратым Қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде қисынды жауаптар алуға;
- 10) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алуға құқығы бар.

#### 7.2. Ірі акционердің сондай-ақ:

- 1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы қуыным-талаппен сотқа жүгінуге;
- 2) Директорлар кеңесіне АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруда талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитын жүргізуін талап етуге құқығы бар.

#### 7.3. Қоғамның акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) он күннің ішінде тіркеушіні және нақты акционерге тиесілі акциялардың атаулы иегерін Қоғамның акциялары иегерлерінің тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарландыруға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызмет бабындағы, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге бір құпияны құрайтын ақпаратты жария қылмауға;
- 4) уәкілетті органның талабы бойынша сұратым салынатын құжаттарды және Қоғамның ірі қатысушыларын айқындау үшін қажетті ақпарат беруге;
- 5) АҚ туралы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кесімдеріне сәйкес өзге міндеттерді атқаруға міндетті.

7.4. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен көзделген немесе осы Жарғының қағидаларынан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асырады және өзге міндеттер атқарады.

### 8. Қоғамның органдары

Қоғамның органдары төмендегілер болып табылады:

- жетекші орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма;
- бақылау органы – Ішкі аудит қызметі.

### 9. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы

9.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өңге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мерзімдерде және тәртіпте, соның ішінде сақтандыру ұйымдарының Уәкілетті органға қаржылық есеп-қисап тапсыру тәртібі, нысандары және мерзімдері туралы заңнаманың талаптарын ескере отырып, өткізілетін болуға тиіс.

9.2. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабы бекітіледі, Қоғамның өткен жылдағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивидендтің мөлшері айқындалады, акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгіністері және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселе, сондай-ақ олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер қарастырылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлеріне Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органының мүшелеріне сыйақының мөлшері және құрамы туралы ақпарат береді.

9.3. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа оқылымын бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;
- 6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 7) Қоғамның аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 8) жылдық қаржылық есеп-қисапты бекіту;
- 9) Қоғамның есептік жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивидендтің мөлшерін бекіту.
- 10) АҚ туралы заңнамасының 5 тармағының 22 бабымен қарастырылған жағдайлар орын алған кезде, Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғамның акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 12) жиынтығында Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау; Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерді хабарландыру нысанын айқындау және сондай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам АҚ туралы Заңға сәйкес акциялардың өтеуін төлеп алатын кезде, олардың құнын айқындау әдістемесін немесе әдістемеге өзгертулерді бекіту;
- 14) Қоғам АҚ туралы Заңға сәйкес акциялардың өтеуін төлеп алатын кезде, олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер әдістеме тағайындау жиналысымен бекітілмесе, оны бекіту) өзгерістер енгізу;
- 15) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 16) олар бойынша шешімдер қабылдау АҚ туралы Заңмен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

9.4. Акционерлердің Жалпы жиналысының Жарғының 9.3-шы тармағының 1) – 4) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері, егер АҚ туралы Заңмен және Қоғамның Жарғысымен өзгесі белгіленбеген болса, дауыс беруге қатысып отырған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

9.5. Егер АҚ туралы Заңмен және Қазақстан Республикасының заңнамасының басқа актілерімен өзгесі көзделмеген болса, олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құзыретіне табыстауға жол берілмейді.

9.6. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі:

9.6.1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

9.6.2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Қоғам ерікті тарату барысында тұратын жағдайда, Қоғамның акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

9.6.3. Қоғамның акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы, егер Қоғамның органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өтізу туралы оның талабын орындамаса, Қоғамның ірі акционерінің қуыным-талабы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырыла және өткізіле алады.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы, Қоғамның органдары АҚ туралы Заңмен белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның қуыным-талабы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырыла және өткізіле алады.

9.7. Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Қоғамның Басқармасының орналасқан жері бойынша құрамында сондай жиналыстың күн тәртібі бар болуға тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы Директорлар кеңесіне мәлімденеді. Ірі акционердің (акционерлердің) талабының құрамында акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ететін акционердің (акционерлердің) атауы (атаулары) болуға, оған (оларға) тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс және акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ететін тұлғаның (тұлғалардың) қолы қойылады.

Директорлар кеңесі аталған талапты алған күнінен бастап он жұмыс күнінің ішінде шешім қабылдауға және сондай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, сол талапты мәлімдеген тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы, не болмаса оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы хабар жолдауға міндетті. Мәлімденген талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырған кезде, Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өзінің қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы. Қоғамның Директорлар кеңесі ірі акционерлердің талабы бойынша шақырылатын акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелерінің тұжырымдаларына өзгертулер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқысыз.

Қоғамның Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізуге қарсыластық шешімін сотта қарастыруға болады. Егер АҚ туралы Заңмен тағайындалған Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген мерзімнің ішінде мәлімденген талап бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап ететін тұлға Қоғамға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндет жүктеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

9.8. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді Қоғамның Басқармасы, Қоғамның тіркеушісі олармен жасасқан келісімшартқа сәйкес, Директорлар кеңесі, сондай-ақ Қоғам таратылатын жағдайда, тарату комиссиясы жүзеге асырады.

9.9. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен калыптастырылады және оның құрамында талқылауға қойылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің түпкілікті тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғамның акционерлері сондай толықтырулар туралы акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күннен кем дегенде он бес күн бұрын хабарландырылатын шартта, ірі акционермен немесе Директорлар кеңесімен толықтырыла алады.

Күн тәртібіне, егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі оларды енгізуді жақтап дауыс берсе, өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізіле алады.

Күн тәртібі, егер оны енгізу үшін орналастырылған (өтеуі төлеп алынғандарын шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санынан кем дегенде үштен екі бөлігі дауыс берген болса, ол бойынша шешім артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырыла алады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы шешімді сырттай дауыс беру арқылы қабылдайтын жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

Күн тәртібінде жалпақ түсінікке ие тұжырымдамаларды, соның ішінде "түрлі", "өзге", "басқалары" және сол іспеттес тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

9.10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысып отырған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауыстарымен жүзеге асырылады.

9.11. Акционерлердің Жалпы жиналысына қастысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның акциялары иелерінің тізілімдері жүйесінің деректерінің

негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізім жасалатын күн акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданатын күннен ерте белгілене алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, сол тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беруші акцияларын иеліктен шығаруды жүргізген жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл орайда оның акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар тапсырылуға тиіс.

9.12. Акционерлер алдағы акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күннен кем дегенде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – кем дегенде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабарландырылған болуға тиіс.

9.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған, не болмаса оларға жолданған болуға тиіс. Егер Қоғамның акционерлерінің саны елуден аспаса, хабарлама акционердің мәліметіне оған жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізілген болуға тиіс.

Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның құрамында олардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын мәліметтер болуға тиіс.

9.14. Акционерлердің екінші қайтара Жалпы жиналысын өткізу бастапқы (болмай қалған) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу үшін белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тәртіпіндала алмайды.

Акционерлердің екінші қайтара Жалпы жиналысы болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысының орынында өткізілуге тиіс. Акционерлердің екінші қайтара Жалпы жиналысының күн тәртібі болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауға тиіс.

9.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдардың құрамында аталған мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті мөлдемдегі ақпарат болуға тиіс. Күн тәртібінің мәселелері бойынша міндетті ақпараттың құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде он күн бұрын Басқарманың орналасқан жері бойынша акционерлерді таныстыру үшін дайын және қол жетерлік болуға, ал акционердің сұратымы болған жағдайда – сұратым алынған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде оған жолдануға тиіс. Құжаттардың көшірмелерін жасап шығару және құжаттарды жеткізу үшін шығасыларды қоғам көтереді.

9.16. Акционерлердің Жалпы жиналысын жүргізу тәртібі:

1) Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін, келіп жеткен акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты тапсыруға тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқысыз.

Егер қатысу тәртібінде өткізіліп отырған акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен етгесі белгіленбеген болса, оған шақырусыз өзге тұлғалар қатыса алады. Ондай тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқығы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

2) Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытында ашылады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) ендігі тіркеліп келген, құлақтандырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмейтін жағдайды қоспағанда, жарияланған уақытынан ерте ашыла алмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталатын сәтке қарай оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген, жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

3) Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлауды жүргізеді.

Акционерлердің Жалпы жиналысы ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды. Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әр акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысып отырғандардың дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Басқарма мүшелері жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер атқарушы органның құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алады.

4) Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша пікірталасты доғару туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.

Төраға ондай сөз сөйлеу акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзуға алып келетін немесе нақты мәселе бойынша пікірталас доғарылған жағдайларды қоспағанда, күн тәртібінің мәселесін талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқылы.

5) Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыстың мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің жасалған мәселелерін қарастыруды келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

6) Акционерлердің Жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық мәселелері қарастырылғаннан және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін жабық деп жариялана алады.

7) Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасынан көрініс тапқан мәліметтердің толықтығы мен деректілігі үшін жауап береді.

9.17. Қоғамда санақ комиссиясының функциялары акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысымен жүзеге асырылады. Қоғамның акционерлерінің саны жүз және одан көпті құраған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санақ комиссиясы сайланатын болады. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша, Санақ комиссиясының функциялары Қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

9.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру өткізу арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.

9.19. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мәліметтер кіруге және ресімделген болуға тиіс.

9.20. Егер алдында сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жолдаған акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келіп жетсе, оның бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

9.21. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша максималды дауыстар саны шектелген;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс берілетін;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу рәсімінің мәселелері бойынша бір дауыстан берілетін жағдайларды қоспағанда, “бір акция – бір дауыс” принципі бойынша жүзеге асырылады.

Қатысу тәртібінде өткізіліп отырған акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын жағдайда, сондай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әріде осы бапта – қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер) ол бойынша дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалған болуға тиіс. Бұл орайда қатысу тәртібінде құпия дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мәліметтер кіруге және ресімделген болуға тиіс.

Қатысу тәртібінде құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстардың саны кезінде олар бойынша бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақталған және максимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуі белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

9.22. Дауыс беру қорытындылары оның барысында дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің мәліметіне оларды басқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе акционерлердің Жалпы жиналысы қабылданғаннан кейін он күннің ішінде әрбір акционерге жазбаша құлақтандыру жолдау арқылы жеткізіледі.

9.23. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде жасалуға және қол қойылуға тиіс. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтердің тізімі және оған қол қою тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

9.24. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижесінің хаттамасымен, Жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептеріне жазбаша түсініктемелермен бірге қосылып тігіледі. Аталған құжаттарды Басқарма сақтауға және кез келген уақытта акционерлерге танысу үшін беріп отыруға тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

## 10. Қоғамның Директорлар кеңесі

10.1. Директорлар кеңесі АҚ туралы Заңмен және Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

Неғұрлым маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар кеңесіне ұсыныстамалар дайындау үшін, Қоғамда төмендегідей мәселелер жөніндегі Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін, ал Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, құрылуға тиіс:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит мәселелері ;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте және шарттарда құрылады.

10.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар санының шектерінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акциялардың және олардың өтеуін төлеп алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабын алдын ала бекіту;
- 6) аудиторлық ұйымның, ішкі аудит қызметінің немесе актуарийдің аудиторлық есептемесінің негізінде анықталған Қоғамның қаржылық орнықтылығы мен төлемге жарамдылығы бойынша заңнаманың талаптарын бұзушылықтарға байланысты мәселелерді қарастыру;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен Басқарманың мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;
- 8) Басқарманың Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерлері мен еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушының ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Басқарма Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукциондар және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылуды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ оның шектерінен тыс филиалдар мен өкілдіктерді құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы қағидаларды бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау; Бұл орайда шешім Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасына қатаң сәйкестікте қабылданатын және орындалатын болуға тиіс;
- 15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызы

- Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік капиталының мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
  - 17) бұрынғы тіркеушімен келісімшарт үзілген жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;
  - 18) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызмет бабындағы, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге бір құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
  - 19) Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;
  - 20) Қоғамның оларды жасауға мүддесі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау.
  - 21) АҚ туралы Заңмен және Қоғамның Жарғысымен көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.

10.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқарманың шешуі үшін табыстала алмайды.

10.4. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқысыз.

10.5. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

3) хабардарлық, айқындық негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес, қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге;

4) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

10.6. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасының біліктілік және өзге талаптарына сәйкес келмейтін тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды.

10.7. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционер – жеке тұлғалардың;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдірушілер ретінде сайлауға ұсынылған (кепілдеме берілген) тұлғалардың;

3) басқа тұлғалардың қатарынан (АҚ туралы Заңның 3 тармағының 54 бабымен белгіленген шектеуді ескере отырып) қатарынан тағайындалады.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдірушілер ретінде сайлауға ұсынылмаған (кепілдеме берілмеген) тұлға сайлана алады, бұл орайда ондай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің құрамының елу пайызынан астам бола алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кем дегенде үш адамды құрауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің қатарынан кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

10.8. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарды түгелдей бір кандидат үшін беруге немесе оларды Директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше кандидаттың арасында бөлуге құқылы. Негұрлым көп дауыстар санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған деп саналады. Егер Директорлар кеңесіне екі және одан көп кандидат тең дауыстар санын жинаса, ондай кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

10.9. Басқарманың Төрағасынан басқа оның мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарманың Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

10.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен өзгесі көзделмеген болса, шектеусіз дүркін қайта сайлана алады.

10.11. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғаруға құқылы. Директорлар кеңесінің

өкілеттіктер мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүретін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу сәтіне қарай бітеді.

Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын доғару Директорлар кеңесін жазбаша құлақтандырудың негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің сондай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталған құлақтандыруды алған сәттен бастап доғарылады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын доғарылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында берілген жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі біткенде, онымен бір уақытта бітеді.

10.12. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесінің мүшелерінің дауыстарының жалпы санының көпшілік дауыстарымен ашық немесе құпия дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

